

Ақ Жайық

Главная газета нефтяной столицы Казахстана

МІНЕЗІ ҚЫЗЫҚ ҮМБЕТБАЙ

Өткен ғасырдың 1974 жылында «Ендігісін айтпаймын» кітабынан бастап оқырманын таңданудан, басы қата ойландырып толғандырудан, албастының да мазасын алған, қысқасы қоғамдағы қисық, қыңыр, сүлесок, дөкір, есалаң ессізді де: «Осы мен Үмбетбай жазғандай оңбайтын пенде болғаным ба?» – деп жаны жай таппағандар да болғаны анық-тын. Өзгеден өзін аулақтап еріксіз ұяла білгендер мына кейіпкер мен сықылды деп күйгелектенгені де болған шығар. Автордың сөз саптау ерекшелігі, тақырыптық сипаты көптің көңілінен шығып бағаланып: «Сатираның Үмбеті» деген дабыралап, даралап көрсетіп сенім артып бекітіп тастағанына досы қуанып, дұшпаны болса адалдығын айта алмай күйінгені де кәдіксіз. Дұшпан дегенде әдебиетші болсын, өнерші болсын сені атайын, мен тұр деп қырылысу емес, тар кеудеде ит өліп сасып жататын пасықтық, көре алмаушылық. Оу, ол менен артық па? деп кіжінетін сорлылық. Баяғыда сатиралық шығармалар бәйгесіне жүздеп қатысып, қоғамның қисайған тұсын түзеуге, жат мінездіні жалпағынан түсіріп жанын тазартып күзеуге қызмет етсе, бүгінде түбі түскен шелекке үңіліп, уытты сатирадан түңіліп, ақша мәселесіне жүгініп, кейбірде дараланып көрінуге қадам бастық. Теледидарлардағы мағынасыз сатира шындықты ұмыттырып, ақылдан алжастыруға қалды. Сөз салмағы әлсіреді. Тірліктің аума-төкпесін бірден көзі шалып қапысын табатын сатириктер сұм-сұрқия бейнесін қалың көп жиркенгендей суреттеу тәсілінен айырыла бастап еді, қоғамдағы жемқор, алаяқ, не түрлі қылмыскердің асығы алшысынан түсіп алшаңдай бастады. Әрбір шығармасында күлдіріп отырып пенделік кемшілігін отап тастауға шебер Үмбетбайға толғанысында сатирик Толымбек Әлімбекұлы ініміз:

*Айналасын әзіл, күлкі, ән-күй ғып,
Айдындарда зырлайтұғын бір жүйрік.
Бұл айдында сырғанақты тебе бер,
Жығылмастан қалжыңыңды коньки ғып, –*

десе сатира тақырыбында ешкімге ұқсамайтын, ешкімнің тақырыбын, ойын қайталамайтын, әзіл-оспақты шегінен асырып қалың оқушының құмарын қандырған Үмбетбайдың соңғы жылдарда жарық көрген: «Біз былай байғанбыз» кітабындағы кейіпкерінің бірі:

- Біздің басымызда ақылдан басқа ештеме жоқ, – дей келіп:
- Келін, шырағым мені тыңда. «Сөз сұлтаны – дәлдігі, ой сұлтаны – жандылығы, – дегенінің өзінен, емеурінмен адамның ең қымбаттылығы ақылы десе, кейбір әйелдердің сөзі сұйық, ойы қиық, қиық екенін жеріне жеткізе жерлеп отыр. Сөз түсініп, қадірлей білгендер емеуріннен жанына ләззат алады. Болмашы арзан өзгенің өне-

гесінен жиркене бастайды. Бойындағы кемшілікті сезіп отырып ұлттық ұлылыққа сергіп қалады. Кейбірі менің осындай қатем бар-ау деп күліп алар. Осы кітаптың «Шолақ мылтық» бөлімінде айнаға жалт қарағандай пенде мінін өзі көріп бір сәтті өкінішті аңғартатындай, бос күлкі емес, елең ететін сәтсіздік көзге ұрады.

- Дырдыр, сен бері кел. Менің саған бір шамалы өкпем бар. «сараң, іші тар, қызғаншақ» деп бір жерде мені біреулерге сілейтіп тұрып жамандапсың. Солай бола ма екен?

- А, не өтірік пе?..

Басы, аяғы осы сөйлемдерде шық бермес Шығайбай, өзінен өзгені көре алмайтын бейшара, біреулердің тірі жүргенін де қызғанатын сорлының бет бейнесін көрсетіп, қоғамдағы жұқсызды тіл жетпейтіндей әжуалаумен қатар, өзгені сақтандырып тұр. Бұл тірліктегі пенденің өмірін білгірлікпен танудың нәтижесі.

Үмбетбайдың 1985 жылы «Жалын» баспасынан жарық көрген «Күншуақ» деректі повесть пен әңгімелер жинағында негізгі көтерген тақырыбы адамгершілік, мінез-құлық мәдениеттілікті сөз етсе, адамдар арасындағы бір-біріне ұқсамайтын, қоғамдық саясатпен қанына сіңірген кісіліктің кейбір кеспірсіз түрі, кейбіреудің қалт-сұлт еткен жаңсақ қадамдары, бой тасалап тұратын сүреңсіз құбылыстар жылы сөзбен өрнектеле отырып сатираның ащы уын миыңа сарт еткізеді. Естінің сезгіштік сезімін жалт еткізіп, қап бәлем қателігім-ай дегезеді

Үмбетбай Уайдиннің «Алло, бұл кім?» кітабында студенттік өмірдің қызығын да, шыжығын да талдап, талғап, әрбір сәтті бағалай білуде дайын білім жоқтығын, жан сезімнің тазалығынсыз өмірде сән де, мән де болмайтынын скеч түрінде бояуын қанықтырып жазады.

Қызы көп, күлкісі көп – анық біз,

Әзіліңе, әніңе де қанықпыз.

Көңілінде оймақтай да міні жоқ,

Міне, осындай біз студент халықпыз. –

деп әсерлі шешім қалдырады. Үмбетбайдың қай шығармасын оқысаң да шұрайлы тіліміздің үлгісіне айналатын сөйлемдер жетерлік. «Сөз мәдениеті – өз мәдениетің. Адамдар амандасып жүрсе екен, адамдар ән салып жүрсе екен» – деген сықылды ақ тілек бүгінде ақшаға тіреледі. «Ей, сәлемің сатулы ма, немесе осындай да ән бола ма екен?» – деген түңіліс пайда бола бастады. Үмбетбай содан сақтандырады. «Бала – гүл, күтімге зәру. Бала – гүл, күлуге зәру», – десе бүгінде баланы күтпек түгелі тас жүрек кейбір ана іштен шыққан сәбиін қоқысқа тастап, немесе сатып ұлт ұлылығына дақ салуда.

Автор: – Адамдар айдауда жүріп те күлген, – десе күле білмейтіндердің, өмір сүре білмейтіндігі, қайырымсыз қатыгездіктің болашағы жоқтығына меңзейді. Күлкі өмір сүруге құштарлық, күлкі жан азабын тазартушы, құдірет екенін білдіріп оқушыға ой тастайды. Автор: «Пәлен-пәштуан» кітабында күлетін, күлмейтін мәселелерді қозғайды.

Мысалы «Иттен қашу» шымшымасында:

- Ойбай, итіңді ұста?

- Әп-әйдік болып иттен қорыққаны несі?

- Енді... Итпен ит боламын ба сол...

Сатиралық шымшымада сүгірет көрінісі. Емеуіріні түсінгенге белгілі, ит адаммен итырғылжың боламын ба, деп меңзеуі тұр. Алыстан ойлантатын астарлы сөз.

Кейбір адамның ішкі сарайындағы қызғаншақтың қызыл иті үріп тұратыны қоғамда аз ба? Автордың «Қызық қыз» драмалық повестіндегі сатиралық бейнелердің көзге түсе бермейтін, кейбіреудің көкірегіндегі жұмбақ түрде көміліп жататын қиянат, лас, кірді аша біледі. Тәңірберген Молдабай аталатын кейіпкер: «Ақырғы аялдама, – деді. Тәңірберген Молдабай: – Өмірдің қызығы, дүниенің рахаты, міне, осы жерде. Мұнда көп айқай-ұйқай жоқ... Мұнда тыныш...» деуі қиянаткердің о дүниеде рахат табатынын меңзейді. Тірлікте ұяла білмеу бар, күрсіне білмеу бар, өкіне білмеу бар, кейбіреудің қоғамдағы әлсіз тұсы осындайдан басталады. Ақыры соңғы аялдамамен шаруасы бітеді. Өмірге неге келді, не бітірді ойсыз ойланған жоқ. Ондай ас ішіп, аяқ босатқанға мәздер аз ба? Жанымзда жүр далақтап. Мұндайды сатирик аз сөзбен көп мағнасына үңілдіріп, дәлелдеп бермей ме? Міне, Үмбетбайдың сатиралық шығармаларының өзгеден ерекшелігі осында.

Үмбетбайдың өзіндік мінезінің қызықтығы қоғамда өмір сүретіндердің байы бар, орташасы бар, сіңірі шыққан әлсізі бар, маскүнемі, нашақоры бар солардың қаңғып жүрген тірлігіне уақыт тауып сөйлесіп, тіпті ішіндіріп, киіндіріп, адам боп туғанның, азып-тозудың шындығын біліп түйреп айтады, жанын күйретіп те айтады. Ал ішіндіріп, киіндірген жақсылығын ұмытатын кейбір сұғанақ затын, киімін ұрлап кетсе әйелі: «Адасқан жолынан мойынын бұра алмайтынды түзей алмайсың, затты ұрлап кетті», – десе Үмбетбай езуін тартып:

– Керек болғасын алған шығар, – деп бір ауыз сөзбен қайырып тастайды.

Жалпы сатириктердің өмірін зертеушілер болса талай қызыққа батар еді. Міне, біз білетін сатираның үмбеті аталған Үмбетбай, үйінің есігін кілттеуді білмейтін Үмбетбай 80-ге келсе де кейбір жүріс, тұрысы, адамдармен әңгімелесуі, тірлігіндегі толып жатқан аңызы, өзі күлмесе де өзгелер қарадай қарап тұрып күлкісі келе береді. Өз сөзімен айтқанда: «Ауысқан адам әуелі белден қалады екен, сосын тілден қалады екен. Белден қалғасын үйге қайта алмаппын. Тілден қалғасын адресімді айта алмаппын» дейтін кейіпкерінің ғұмыры ұзақ болып жан-жағына күлкіден шашу шаша бергей. Айтпақшы Ғаббас үшеуіміздің жасымызды қосқанда 240 саны шығады екен, бұл сан қаржы болса, не сатып аласың, түстік асқа да жетпейді. Әлем ғалымдары жеті жыл сайын клеткаларды жаңарту арқылы 500 жыл өмір сүруге болады деп жатыр, соны күте тұрамыз ба, қайтеміз? Өйткені, сатираға сусынымыз әлі қанбаған сықылды...